



Бекітемін:

Мектеп директоры: Л.Ж.Амангалиева

Қарасу негізгі мектебі жанындағы шағын дамыту орталығы

**Музыка пәнінен циклограмма**  
(ересек тобы)

Музыка жетекші: Еснязов Е.Ө.

2022-2023 оқу жылы

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 05-09 қыркүйек 2022 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы: «Менің туыстарым»</b> <b>Мақсаты:</b> Музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>1. Алма биін билету әуеннің ырғағына еркін би қимылдарын жасайды.</b> Би барысында секіртпелі қимылды, орын ауыстыру, бір қырымен Санамақ айтып, көңілденуге шақырады. Алма туралы</p> <p><b>2. Музыка тыңдау: «Атам әже»</b></p> <p><b>3. Ән айту:</b> «Жақсы көрем атамды» б. Бейсенова</p> <p><b>4. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> Әуенді- қимылды ойын: «Қандай аспап» төменгі дыбыстарға сай қоңырауларды сылдырлату. Балалардан музыка ойнағанда қай қоңырау сылдырлауы керек екенін сұрап, жеке шақырып сылдырлатқызу.</p> <p><b>Әуенді-ырғақты қимыл:</b> «Биге шақыру» Бір баланы ортаға шақырып өзіне сыңар іздеп табуына ықпал жасау.</p>	<p><b>Тақырыбы: «Қос дабыл»</b> (Дыбыстың биіктігін айыру үшін арналған ойын) <b>Мақсаты:</b> Көңілді, сабырлы, мұнды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу.</p> <p><b>1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b></p> <p><b>2. Ән айту.</b> Гүрілдей кеп қағылды, Танып тұрмыз дабылды. Там – та – ра – там. Там – та – ра – там. Там – та – ра – там. Там – та – ра – там. Шіңкілдей кеп қағылды, Танып тұрмыз дабылды. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти. Балалар екі шеңбер жасап тұрады: сыртқы (Үлкен) және ішкі (Кіші.) Ойын басталғанша тәрбиеші өзінің қалауы бойынша үлкен немесе кіші дабылда ойнайды. Үлкен дабылда ойнағанда сыртқы шеңбердегі балалар айналып жүріп әндетеді, кіші дабылда ойнағанда ішкі шеңбердегі балалар айналып жүріп ән салады.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 12-16 қыркүйек 2022 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы: «Музыкалық моншақтар»</b> <b>Мақсаты:</b> Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.</p> <p><b>1. Балалар көңілді музыкамен адымдап әуен залына кіреді.</b> Әуен ырғағына сай әр-түрлі жүріс-түрлерін жасайды. Отбасы мүшелерінің мамандықтардың суреттері ілінген. Балалармен отбасындағы дәстүрлі мерекелер туралы әңгімелесу. Отбасы туралы тақпақ, мақал-мәтел сайысын ұйымдастыру.</p> <p><b>2. Музыка тыңдау «Менің Отаным».</b> Ө.Байділдаев. -Отан деген не?</p> <p><b>3. Ән айту.</b> «Ата ананы тыңдаймыз». Бота Бейсенова түсіру.</p> <p>2. Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.</p> <p>3. Жалаушаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.</p> <p>4. Жалаушаны ұстап жүру.</p>	<p><b>Тақырыбы: «Балақан да алақан»</b> <b>Мақсаты:</b> Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету.</p> <p><b>1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b> Балалар дөңгелене шеңбер жасап отырады. Музыка ойнаған кезде, балалар ән ырғағына ілесіп, қол соғып, өлең айтады. Алақандарын басқалардан бөлек, жаңылыс соққандар, не басқадай бір қылығымен ойын тәртібін бұзғандар «кінәлі бала» болып табылады. Оларды ортаға жеке шығарып, кінәсін ақтау үшін өлең, тақпақ айтқызып, билетеді.</p> <p><b>2. Ән айту.</b> Кел балалар, шапалақтап Алақанды ұрайық. Жаңылғанды ортаға ап, Бір өнерін сұрайық. Қ – сы Ла – ла – ла – ла, Балақан. Ла – ла – ла –ла, Алақан. Бәрі қол шапалақтап, өлең қайырмасын айтып тұрып, кінәлі баланы бақылайды. Оны тапқан кезде, айыбына ән, би, немесе тақпақ сұрайды. Кінәлі бала айыбын өтеген соң, ойын одан әрі жалғасады. Бәрі сол балаға бұрылып тұрып, былай дейді. Соғылғанда алақан, Жаңылдың сен, балақан. Шаю үшін кінәңді, Көрсет бір өнерінді.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 19-23 қыркүйек 2022 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы: «Музыкалық моншақтар»</b> <b>Мақсаты:</b> Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Сәби қуанышы» (Е.Хасанғалиев) – Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе? Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады? Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады.</p> <p><b>Ән айту.</b> «Топ-топ, балақан» (М.Арынбаев, А.Асылбек) Ән айту кезінде иықты көтермей, денені тік ұстап айтуға дағдыландыру. Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің сипаты, мазмұны туралы түсіндіру. Әннің Бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі сабақта жалғастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> «Достастық» беларус халық әуені Би сипатын сезіне орындауға үйрету. Педагогтердің көрсетуімен би қимылдарын қайталауға, бірге жасауға үйрету.</p> <p>Муз-дидактикалық ойын: «Кел, балақан» (К. Қуатбаев) Ән-ойын мәтініне сай жай және қатты шапалақтау, аяқ топылдату арқылы динамикалық реңкті ажыратуға үйрету.</p>	<p><b>Тақырыбы: «Көлеңке»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету. Әуенді тыңдап, қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу.</p> <p><b>1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b> Көлбең көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем! Қане қатар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық</p> <p><b>2. Ән айту.</b> Ән ырғағымен балалар бүркітше канат қағады, еңкейіп саусақтарымен жер тіреді. Көлеңкелер қайталап қимыл жасайды. Көлбең – көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем! Қасқыр қалай жүреді, Кім көрсете біледі?</p> <p><b>3. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> (Қасқырдың жүрісін бейнелейді)</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 26-30 қыркүйек 2022 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Ән салған кім?»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету. Әуенді тыңдап, қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу.</p> <p><b>1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b> Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақта, балаларға сыртын беріп отырған бала, ән салған баланың дауысын таныу керек. Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады. (тембрді айыру үшін арналған ойын)</p> <p><b>2. Ән айту.</b> Көп бала бар бөлмеде, Бірі ғана ән салады. Ал сырттағы Кім екен деп тамсанады Бір бала былай деп әндетеді. Мен бақытты бөбекпін, Таудай биік талабым, Ән мен күйге зерекпін, Бірден қағып аламын.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Қос дабыл»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Көңілді, сабырлы, мұнды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Құлыншак» (Қ. Шілдебаев, И. Сапарбай) Әнді тыңдап, сипатына, екпініне мән беруге, мазмұнын түсінуге үйрету. Эмоциялық көңіл күйлерін, қызығушылықтарын ояту.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Доп» (Б. Қыдырбек, А. Асылбек). Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып айтуға, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу. «Топ-топ, балақан» (М. Арынбаев, А. Асылбек) әнін қайталау, еске түсіру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> «Доптармен жаттығулар» (Г. Фрид) (тәрбиешінің көрсетуімен). Ырғақты сезіне, допты қолдана көрсетілген би қимылдарын қайталау. «Өз түсінді тап» ойыны.</p> <p>Шарты: 3 топқа бөлініп, 3 түрлі шарлар немесе ленталар ұстайды. Ортаға шарлардың түстеріне сәйкес түске боялған құрсаулар қойылады. Музыка ойналғанда балалар жеңіл жүгіреді, аяқталғанда әрқайсысы шарларының түстеріне сәйкес құрсауға жиналуы қажет.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 03-07 қазан 2022 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Бұл қай кезде болады?» <b>Мақсаты:</b> Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу.</p> <p><b>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.</b> Балаларға жылдың төрт мезгілі бейнеленген суретті карточкалар таратылады. Шығармаларды тыңдап, мазмұнына, мәтініне сәйкес суретті карточканы көрсете білу.</p> <p><b>2. Музыка тыңдау:</b> «Ботақан» Әннің мәтінін үйрету.</p> <p><b>4. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> Аюдың қимылын салу.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Біздің қуыршақ» <b>Мақсаты:</b> Қуыршақ ойыншығы арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. Сабырлы сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге, ересектермен бірге ән салуға үйрету. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, әдептілікке тәрбиелеу. Балалардың назарын үстел үстіндегі қуыршаққа аударады.</p> <p>Жуын, жуын, жуынсақ, Қандай жақсы, қуыршақ! Әйтпегенде, бөпешім, Кірлеп кеткен екенсің. Қазірап пақбаласың, Қуанады анашың. (М.Жаманбалинов) <b>Музыка тыңдау.</b> «Кір қуыршақ» (И.Нүсіпбаев, Ж.Қашқынов) Әннің мазмұнын, сипатын түсіндіру. Балалармен тазалық туралы әңгіме өткізу.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Көңілді қуыршақтар» (Г.Жотаева) Әнді орындап беріп, әуенін ересектермен бірге қосыла айтуға үйрету. «Доп» (Б.Қыдырбек, А.Асылбек) әнін еске түсіру, қайталау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимыл:</b> «Көңілді қуыршақтар биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). Қуыршақтарды ұстап, би қимылдарын орындауға үйрену. Әуеннің көңілді сипатына сай ширақ қимылдауын, мәнерлі билеуін қадағалау. Кел, балақан» (К.Қуатбаев, А.Асылбек) Ән-ойынды ескетіріу, пысықтау.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 10-14 қазан 2022 жыл

<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>
<p><b>Тақырыбы:</b> «Сиқырлы ағаш» ойыны <b>Мақсаты:</b> Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, естіген әуенді нота сызықтарына орналастыруға үйрету.</p> <p><b>1. Балаларды музыкамен қарсы алу.</b> <b>Ойын:</b> Балалардың әрқайсысына алма ағашының суреті және қиып алынған жеті алма үлестіріледі. Орындалған шығарманы тыңдап, сиқырлы ағаш бұтақтарына алмаларды дыбыс биіктігіне сәйкес орналастырады. Ағашта бейнеленген бұтақтар нота сызықтары, ал алмалар нота ретінде қолданылады.</p> <p><b>2. Музыка тыңдау.</b> Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. Дауыстарын салған балаларды мадақтау. <b>«Шөжелер»</b> биін таныс би қимылдарымен билету.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Анасын тап» ойыны <b>Мақсаты:</b> Әнді немесе әуенді тыңдап, жануарлар мен төлдерінің жүрісін, қимыл-қозғалысын көрсете білуге, олардың дауыс ырғақтарын ажыратып, еске сақтауға үйрету.</p> <p><b>1. Балаларды музыкамен қарсы алу.</b> Музыка жетекшісі шығарманы ойнап, балалар әуенге сәйкес суреттегі жануардың төлін тауып, енесінің жанына қояды. Олардың жүрісін, қимылын көрсетіп, дауысын салады.</p> <p><b>2. Музыка тыңдау.</b> Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. <b>«Көңілді ырғақ»</b> биін таныс би қимылдарымен билету.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 17-21 қазан 2022 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Үлкен – кішкентай» <b>Мақсаты:</b> Балаларды ұзақ қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Музыканың ритмін сезінуге баулу.</p> <p><b>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.</b> Музыкалық жетекші балаларға әуенді тыңдатқызып, жолда кімнің келе жатқанын тыңдатқызып сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады. Үлкен адамның жүрісі – ұзақ шапалақ. Баланың жүрісі – қысқа шапалақ.</p> <p><b>2. Музыка тыңдау</b> «Тұлпарым».</p> <p><b>3. Ән айту</b> «Қуыр-қуыр-қуырмаш» Әннің мәтінін үйрету.</p> <p><b>4. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> <b>Лентамен жаттығу.</b></p> <p>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға, солға иілту. 3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «До – ре – ми» <b>Мақсаты:</b> Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.</p> <p><b>1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b> Музыкалық жетекші әнді орындап береді және балалардан сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетулерін өтінеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.</p> <p><b>2. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> <b>Лентамен жаттығу.</b></p> <p>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға, солға иілту. 3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.</p>



## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 24-28 қазан 2022 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Қояндар» <b>Мақсаты:</b> Музыканың көңілді, көңілсіз, баяу түрлерін ажырата білуге баулу. <b>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.</b> Музыка жетекшісі балаларға: Бір үйде қояндар өмір сүріпті. Олар сондай көңілді қояндар болыпты. Қояндар көңіл көтеріп билегенді жақсы көріпті – деп (қояндардың билеп жатқан суретін көрсетеді). Ал қояндар шаршағанда жатып ұйықтайды екен. Аналары болса балаларына бесік жырын айтып береді екен (қояндардың ұйықтап жатқан суреттерін көрсетеді). Әрі қарай музыка жетекшісі балалардан, сурет бойынша қояндардың нестеп жатқанын айтып беруді және музыканы тыңдап қимылдарымен көрсетуді сұрайды. <b>2. Музыка тыңдау:</b> «Ақ қоян»</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Бауырсақ кіммен кездесті?» <b>Мақсаты:</b> Музыканы сезінуге, төмен, орташа, жоғары дыбыстарды ажырата білуге баулу. <b>1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b> Музыка жетекшісі «Бауырсақ» ертегісін және сол ертегінің кейіпкерлерін естеріне түсірулерін сұрайды. (қасқыр, түлкі, аю, қоян). Музыка жетекшісі осы аңдарға байланысты музыкаларды, мысалы аюдың музыкасын, төменгі регистрдан, ал қоянның музыкасын жоғарғы регистрдан ойнайды. Балалар музыканың қай регистрдан ойналғанын тыңдап, қай аңның музыкасы екенін тауып, сурет арқылы көрсетеді. <b>2. Ән айту. «Бауырсақ»</b> -Қанекей балалар әжемізге қошақан туралы ән айтып берейік.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 31 қазан -04 қараша 2022 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Музыкалық әткеншек» <b>Мақсаты:</b> Өнді тыңдауға және жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту</p> <p><b>1. Балаларды музыкамен қарсы алу.</b> Музыка жетекшісі «Әткеншек» әнін орындайды және балалардан әткеншектің қалай қозғалатынын сұрайды. Балалардан музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды.</p> <p><b>2. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> Қай кезде музыка тез ойнады? Қай кезде баяу ойнады? (жылдам қозғалады, ақырын қозғалады, баяу қозғалады, тоқтайды.)</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Қай аспапта ойнаймын?» ойыны <b>Мақсаты:</b> Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті, ұрмалы, үрлемелі) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Аспаптарда ойнауға машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру.</p> <p><b>1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b> Балаларға аспаптардың (домбыра, қобыз, сазсырнай, асатаяқ, дауылпаз, т.б.) суреттері бейнеленген карточкалар ұсынылады. Музыка жетекшісі ширма артында жасырып бір аспапта ойнайды. Балалар мұқият тыңдап, аспаптың дауысын тыңдайды.</p> <p><b>2. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> <b>Лентамен жаттығу.</b> 1. Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2. Қолды жоғары көтеріп денені оңға, солға иілту. 3. Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 07-11 қараша 2022 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Ақырын қатты» <b>Мақсаты:</b> Тембрлік есту қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.</b> Балаларға бір түсті бірақ әр түрлі реңктегі карточка жаймалары беріледі. Балаларға: Көгілдір – ақырын музыка, кара көк – қатты музыка, көк – орташа. Әрі қарай музыка жетекшісі әнді ақырын, қатты жіне орташа орындайды. Балалар музыканы тыңдай отырып қолдарындағы фишкаларымен карточкаларды жабады.</p> <p><b>2. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату.</p> <p><b>Жалаушалармен жаттығу.</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.</li><li>2. Қолды жоғары көтеріп денені оңға, солға иілту.</li><li>3. Жалаушаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.</li><li>4. Жалаушаны ұстап жүру.</li></ol>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Менің балапандарым қайда?» <b>Мақсаты:</b> Дыбыстық жоғары есту қабілетін дамыту мен бағдарлама материалын бекітуге арналған.</p> <p><b>1. Көңілді музыкамен залға кіреді.</b> Музыкалық жетекші ойнауды ұсынады да әңгімесін бастайды: Бір аулада балапандарымен тауық, үйрек, қаз өмір сүріпті, ал ауланың сыртындағы ұяда құс балапандарымен тұрыпты. Бірде қатты жел соғып, жаңбыр жауды да, барлығы тығылып қалды. Ең бірінші болып өз балапандарын үйрек шақырады (суретті көрсетеді):</p> <p><b>2. Ән айту.</b> «Менің балапандарым, сүйкімді балақандарым қайды? Кря, кря!» (бірінші октаваның рес дыбысы бойынша ән салады). Карточкаларында үйректің балапандарының суреті салынған балалар оларды көтеріп, былай деп жауап береді: «Кря – кря, біз мұндамыз» (екінші октаваның ля дыбысы бойынша ән салады). Музыкалық жетекші былай деп жалғастырады: «үйрек өз балапандарын тапқанына қатты қуанады (карточкаларды жинап алады). Барлық құстар өз балаларын тауып алғанша ойын жалғасады.</p> <p><b>3. Музыка тыңдау.</b> Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан»</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 21-25 қараша 2022 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Күн мен бұлт»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың есту, тыңдау қабілеттерін дамыту. Әр – түрлі сипаттағы әуендерді ажырату қабілеттерін дамыту. (көңілді, қуанышты, мұңды, көңілсіз).</p> <p><b>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.</b></p> <p>Үш карточка бірінші карточкада жарқырап тұрған күннің көзінің суреті, екінші карточкада бұлт басқан күннің көзінің суреті, үшінші карточкада жаңбыр мен бұлттың суреті</p> <p>Ойынға қатысушылар, ойын құралының санына байланысты алынады.</p> <p>Балаларға карточкалар таратылып, Үш түрлі музыкалық шығарма тыңдауды ұсынады.</p> <p>Балалар бос шаршыларды әуеннің көңіл күйіне байланысты, суреті бар карточкалармен жабады. Әр сурет әуеннің көңіл күйіне байланысты.</p> <p><b>2. Ән айту. «Көңілді күн»</b></p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Көңілді жаңбыр»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Музыканы есту, сезіну қабілеттерін дамыту. Сабырлы, жай сипаттағы аспапта орындалған пьесаны тыңдау, есте сақтауға үйрету; әннің көңіл күйін, мазмұнын түсінуге үйрету; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; би әуенін сипатына сай игеру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Күз» (С.Кибирова)</p> <p>Сабырлы, жай сипаттағы аспапта орындалған пьесаны мұқият тыңдап, есте сақтауға, сипатын ажыратуға үйрету.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Жау, жаңбыр» (Т.Сарыбаева, А. Асылбек)</p> <p>Әннің сипатын түсіндіріп, бірге қосыла орындауға үйрету. Әннің мазмұны туралы түсінік беру.</p> <p>«Күз келді» (А.Досмағамбетова) әнін қайталау, еске түсіру.</p> <p>«Күзгі жапырақтар» атты ұжымдық жұмысты бірге тамашалау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> Үнтаспада «жаңбыр» дыбысы естіліп, педагог балаларға кішкентай қолшатыр үлестіреді.</p> <p>Қолшатырды ашайық, Жаңбырдан біз қашайық!</p> <p>«Қолшатырлар бии». Әуен ырғағына сай би қимылдарын көрсетеді, қайталатады.</p> <p>«Күн мен жаңбыр» (Музыкалық-дидактикалық ойындар жинағынан).</p> <p>Шығарманың әртүрлі сипатын ажыратуға, көңіл-күйін сезіне білуге баулу.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 28 қараша -02 желтоқсан 2022 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Үйде не істеп жатыр?»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың музыка жанрлары туралы білімдерін дамыту. Өнді, биді, маршты ажырата білуге баулу.</p> <p><b>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.</b></p> <p>Музыка жетекшісі әуенді тыңдатқызып, балалардың үйде не істеп жатқандарын айтып берулерін сұрайды. Музыка жетекшісі фортепианода М. Гликаньң полькасын, Д. Шостаковичтің маршын және Ш. Қалдаяқовтың «Балдырғандар» әнін ойнап береді. Балалар музыканы тыңдай отырып, балалардың үйде не істеп жатқандарын ұғады. (ән айтып жатыр, билеп жатыр, сап тізіліп жүр).</p> <p><b>2. Музыка тыңдау «Тұлпарым».</b></p> <p><b>3. Ән айту «Қуыр-қуыр-қуырмаш»</b></p> <p>Әннің мәтінін үйрету.</p> <p><b>4. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b></p> <p><b>Лентамен жаттығу.</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.</li><li>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.</li><li>3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.</li></ol>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Торғайлар» ойыны</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға күз мезгіліндегі құстардың іс-әрекеті туралы түсінік беру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған нпьесаларды тыңдау, есте сақтауға, әуен сипатына үн қатуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Құстарға қамқорлық жасауға шақыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>«Құстар жем шоқиды» (Е. Тиличеева). Аспапта орындалған шығарманы тыңдап, сипатын анықтайды.</p> <p><b>Ән айту:</b>«Торғай» (А. Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Өнді қайталап айтып,балаларға мәтінге сай өз беттерінше қимылмен көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Қолшатырлар биін» қайталау, әуенге ілесе жапырақтарды жоғары көтере тербеле қозғалуын, еске сақтауға үйрету.</p> <p>«Мысық пен торғайлар» ойыны(«Құстар» Л. Банников) әуенінің ырғағымен ілесеқолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Үйшік шатырында отырған ойыншық мысықты көрсетіп: Ала мысық пырылдап, жалықпайды, ұйықтайды, Торғайды аңдып шатырдан күні бойы шықпайды.Мияу-мияу... –деп балаларды– «торғайларды» сақтандырады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып,«сымдарға»–ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Қарасу НМ жанындағы ШДО

**Топ** Ересек

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 05-09 желтоқсан 2022 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Қызыл, жасыл, көк шар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Көңілді сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге қосыла ән салуға үйрету. Жоғары және төмен дыбыстауды ажырата білуге, балаларды шулы аспаптар – бубен, сылдырмақтың дыбысталуы динамикасына ажыратуға үйрету.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b></p> <p>Балалар, сендер шармен ойнағанда қуандыңдар ма? Олай болса, мына әуенді бірге тыңдап көрейік.</p> <p>«Қуанамын» (М.Ержанов, өңдеген А.Исакова).</p> <p>Әннің көңіл күйімен сипатына балалардың көңілін аудару.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Шар» (Б.Дәлденбаев, Ж.Әбдірашев).</p> <p>Әнді орындап, көңілді, ойнақы орындалатынын түсіндіру. Әннің әуенін бірнеше рет қайталап, үйрету. Балаларға ән мазмұнына сәйкес би қимылдарын жасауды ұсыну.</p> <p>«Әуеде қалқиды» деген жерде шарларын қалықтата бұлғауы керек.</p> <p>«Торғай» (А.Райымқұлова) әнін қайталау, еске түсіру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Кішкентай би» (Н.Александрова).</p> <p>Қарапайым би қимылдарын еске сақтау, жоғары және төмен дыбысталуын ажыратуға үйрету.</p> <p>Өткен үйренген таныс әндерді қайталау, еске түсіру. Әннің сипатына сай бірге қосыла, дауысқа күш түсірмей, мазмұнын түсіне орындауға үйрету.</p> <p>«Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны («Муз-дидактикалық ойындар» жинағынан) Балалар музыкалық аспаптардың дауыстарын ажыратады.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Сылдырмақтар әуені»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға, әндегі жоғары және төмен дыбыстарды ажыратуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді орындау, Сылдырмақта дыбысталу динамикасын еске сақтауға, ажырата білуге үйретуді жалғастыру.</p> <p><b>Әнайту:</b> «Сылдырмақ» (А. Тоқсанбаев, И.Сапарбай)</p> <p>Жаңа әнді музыка жетекшісі орындап береді. Аспаптың сүйемелдеуімен ән әуенін бірге қосыла орындауын қадағалау. Әннің 1-шумағының сөзін үйретіп, екі қатардан әнге қосады.</p> <p>«Шар» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев)</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Сылдырмақ» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек)</p> <p>Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдау, дыбыс биіктігін ажыратуға үйрету. Әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдайды.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Кішкентай би» (Н.Александрова (қайталау).</p> <p>Ырғақты сезіне, мәнерлі, өзара қол ұстасып, шеңбер бойымен жүруге үйрету.</p> <p>«Сылдырмақпен ойын» (Б.Дәлденбай).</p> <p>Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, қолдарына сылдырмақтар беріледі. Музыка ырғағына сай сылдырмақты сылдыратып, әуен дауысы бәсеңдегенде арттарына жасырып, шеңбер бойымен ақырын басып жүреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қалу.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 12-15 желтоқсан 2022 жыл

<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>
<p><b>Тақырыбы:</b> «Музыкалық аспаптар дүкені» <b>Мақсаты:</b> Балаларға арналған музыкалық аспаптардың дауыс тембрін ажыратуға үйрету. Аспаптарда өз еріктерінше ойнауға, шығармашылыққа баулу.</p> <p><b>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.</b> Ойын: Балалар аспап түрлеріне сәйкес бірнеше қатар болып отырады. Музыка жетекшісі ширма артында аспапта ойнайды.</p> <p><b>2. Музыка тыңдау</b> «Тұлпарым».</p> <p><b>3. Ән айту</b> «Қуыр-қуыр-қуырмаш» Әннің мәтінін үйрету.</p> <p><b>4. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> <b>Лентамен жаттығу.</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.</li><li>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.</li><li>3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.</li></ol>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Мерекелік ән мен би» <b>Мақсаты:</b> Шығарманы соңына дейін тыңдауға, пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл-күй таныта білуге үйрету. Бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың би сипатын игере жүруге дағдыландыру. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>«Шашу» (Е.Брусилковский). Пьесаны соңына дейін тыңдап, еске сақтайды, эмоциялық көңіл-күй танытуларын байқау.</p> <p><b>Ән айту:</b>«Мерекелік ән мен би» (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек). Әнді орындап беріп, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші рет орындалғанда әннің әуеніне қосылып айтуға үйрету. 1-шумақ сөздерін қайталату. Әнайту ережелерін еске салу. Алдыңғы сабақтағы таныс әндерді қайталап еске түсіру.</p> <p>«Шар» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев), «Сылдырмақ» (А. Токсанбаев, И. Сапарбай) әндерін қайталау. Бірін-бірі тыңдай отырып, бірдей қарқында айтуға үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b>«Марш»(М.Робер). Жалаушалар ұстап, бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың сипатын игере мәнерлі орындауға үйрету. «Сылдырмақпен ойын»(Б.Дәлденбай). Әуенді тыңдап, ырғағы мен мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Ойынды еске сақтап, белсене қатысуға баулу.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Қарасу НМ жанындағы ШДО

**Топ** Ересек

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 19-23 желтоқсан 2022 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Аққала» <b>Мақсаты:</b> Тембрлік есту қабілеттерін дамыту. <b>Жұмбақ:</b> Сәбіз мұрынкімдебар, Шелек киген басына, Айтыңдаршы,балалар, Сонымен ол кім екен?(Аққала) Аққаланың, балалардың қысқы ойынын бейнелеген көрнекілік суреттер көрсету, әңгімелеу. Аққаланың қардан жасалатынын түсіндіру. <b>Музыка тыңдау:</b> «Ақшақар» әні (К.Қуатбаев,Қ.Ыдырысов) Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл-күйін, жоғары және төменды быстарды ажырата білуге үйрету. <b>Әнайту:</b>«Аққала»(Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев) Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып айтуға,сөздерін таза айтуға үйрету. Әнайту ережелерін еске салу. Бір қалыпты қарқынмен ән сипатына сай орындауға баулу. Таныс ән:«Арша» (Б.Қыдырбек,И.Сапарбай)–қайталау, сөздерін пысықтау, еске түсіру. <b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b>«Полька»(В. Косенко) Балалар әуеннің 1-бөлімінде шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді, 2-бөлімінде жұптасып, қол ұстасып айналады. «Сиқырлы таяқша» ойыны. Таныс көңілді әуен ырғағына өз еріктерінше би қимылдарынжасайды. Әуен тоқтағанда, «сиқырлы таяқшадан» қашып, «үйшік»-құрсауларға кіріпүлгеру.Ойын 2-3 рет қайталанады.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Қысқы әуен» <b>Мақсаты:</b> Дыбыстық жоғары есту қабілетін дамыту мен бағдарлама материалын бекітуге арналған. Балаларға демалып отыруды ұсынады. Шырша, жаңа жыл мерекесін бейнелейтін көрнекілік суреттерді көрсетіп, әңгімелеу. <b>Музыка тыңдау:</b>«Шырша» (Ж.Мұхамеджанов) Әннің мазмұнын түсініп, әңгімелеп беруге үйрету. Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл-күй танытады. Сақалы аппақ күмістей, Тістері аппақ күріштей. Қызыл ала шапаны, СағындықАязатаны! <b>Ән айту:</b>«Аяз ата»(Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев) Әнді орындап, мәтініне балалардың көңілін бөлу. Ән екінші рет орындалғанда әннің мазмұнына сәйкес би қимылдарын үйрету, ересектер мен бірге қосыла айту. «Аққала» (Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев), «Арша» (Б. Қыдырбек, И. Сапарбай) – таныс әндерді қайталау, еске түсіру. Әннің әуеніне қосылып,сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу. <b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Ақша қарлар» биі («Вальс»П. Чайковский) Педагогтің көрсетуімен әуенмен бірге ырғақты сезіне, би қозғалыстарының қарапайым элементтерін үйретуді жалғастыру. «Қар лақтыру» ойыны(«Балалар полькасы»А.Жилинский) Көңілді әуен ойналғанда шапшандықпен «қарлақтырысу», әуен тоқтағанда шапшандықпен «қарларды» жинау, безендірілген қорапшаларға салу</p>



## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Қарасу НМ жанындағы ШДО

**Топ** Ересек

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 26-30 желтоқсан 2022 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы</b> «Шыршамызға арнаймыз»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Музыка сипаты арқылы табиғат ерекшеліктеріне көңіл бөлу, қыс мезгілі туралы түсіндіру; ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету; аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; вальс әуенімен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау.</p> <p>Қыс мезгілі туралы, табиғаттағы ерекшеліктерді түсіндіру. Шыршаның суретін немесе кішкентай шыршаны көрсету. Жаңа жыл меркесі туралы әңгімелеу.</p> <p>Тамаша, тамаша, Шыршамыз тұр жараса. Басында әсем жұлдызы, Көзтоймайдықараса.</p> <p><b>Музыкатыңдау:</b> «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев) Ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету. Әннің мәтінін түсіндіріп, сипаты туралы әңгімелеу.</p> <p><b>Әнайту:</b> «Арша» (Б. Қыдырбек, И. Сапарбай) Әнді орындап беру. Мазмұны туралы сұрап, көңілді, ширақ орындалатынын түсіндіру. Әннің әуенін бірнеше рет қайталап, үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b></p> <p>«Ақша қарлар» биі (Вальс П. Чайковский) Балалар «ақша қарлар» – қар әшекейлерін ұстап, педагогтің көрсетуімен мәнерлі би қимылдарын жасайды.</p> <p>«Қар лақтыру» ойыны («Балалар полькасы» А. Жилинский) Көңілді әуен ойналғанда шапшаңдықпен «қар лақтырысу», әуен тоқтағанда шапшаңдықпен «қарларды» жинап, безендірілген қорапшаларға салу.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Қоянда қонақта»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу.</p> <p>Балалар, қарандаршы, мынау тығылып отырғананды танысындар ма? Ақ қоян-ау, ақ қоян, Ұзын құлақ сақ қоян, Ақ қоян-ау, ақ қоян, Жүйрік қоян, сақ қоян.</p> <p>– Балалар, ақ қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік, – деп ұсыныс айтады.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Қояндар биі» (Ж. Оффенбах) ойналып, педагог балаларға әуенге ілесе өз еріктерінше қимыл-қозғалыстар жасауды, жеңіл секіруді ұсынады.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қояндар» (Е. Тиличеева). Пьесаны тыңдап, сипатына көңіл аудару. Көңілді, ойнақы әуенге эмоциялық көңіл күй танытуларын қадағалау.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Ақ қоян» әнін (Б. Аманжол, Н. Жанаев) екінші рет орындағанда, балалардың мәтінге сай қимылдарды көрсетуін сұрайды. Әннің 1-шумағын қайталап, сөздерін анық айтуға үйрету. Әуенге ілесе бірге орындауын бақылау.</p> <p>«Аяз ата» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев) (қайталау).</p> <p>«Қояндар мен аю» ойыны («Қояндар маршы» А. Райымқұлова). Балалардың ойынға белсене қатысуын қадағалайды, әуен орындалып, үйшіктен тәрбиеші аю шығады. Әуен қайта ойналып, аю би қимылдарын жасайды, балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Қарасу НМ жанындағы ШДО

**Топ** Ересек

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 03-06 қаңтар 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Ақ тиін» <b>Мақсаты:</b> Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл-күй таныта білуге, музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында ән салуға баулу; жұптаса отырып ырғақты сезіне би қимылдарын орындауға үйрету; музыкалық қабілеттерін әрі қарай дамыту. <b>Музыка тыңдау:</b>«Полька»Б.Сметана) Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, мұқият тыңдап, сипатын сезінуге үйрету. Көңілді әуен ойналып, ортаға тиін келеді (тәрбиешінің қолында ойыншық тиін). Педагог: Балалар, бізге қонаққа келген бұл не? Танисыңдар ма?Тиін: Мен тиінмін, тиінмін, Қысқа жылы киіндім. Қоймам толы жаңғаққа, Ішіжылыүйімнің. Тиін: Балалар, мен көңілді әуен әлемінен келдім. Маған көңілді ән айтып беріндерші. <b>Ән айту:</b>«Ақ тиін» (Н.Жанаев, Ә.Бейсеуов) Музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында қосыла, ән сөздерін анық айтуға үйрету. Әннің мазмұнына көңіл бөлу. <b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b>«Көңілді би» (Ө.Байділдаев) Шығарманың 1-ші бөлімінде қол ұстасып айналу, 2-ші бөлімінде өкшелерін алға қою, екі аяқты бірге қою. Би 2-3 рет қайталанады. «Кім епті?»ойыны (Н.Ладухин) Музыка ойналып, 2 топқа бөлінген балалар жаңғақты түсіріп алмай, «қоймаға» –себеттерге тасиды.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Көңілді достар» <b>Мақсаты:</b> Әнді тыңдауға және жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту <b>Музыка тыңдау:</b> «Не қалай дыбыстайды?» («Қасқыр», «Аю, «Түлкі» Д. Ботбаев).Жабайы аңдар туралы түсінік беру. <b>Ән айту:</b>«Ақтиін»(Ә.Бейсеуов,Н.Жанаев) Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. <b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев) Аяқтарын нық баса, тізелерін көтере шеңбер бойымен адымдай жүруге үйрету. Ортаға ойыншық аюды ұстап, педагог шығады. Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай.Омартаныкөргенде, Басқоямынойланбай (А.Асылбек) Аю: Сәлеметсіңдер ме, балалар?! Балаларамандасады. Аю: Мен өз достарымды шақырайын! (Барабан соғады).Балаларға барабан аспаптары таратылып беріледі. Қоян (шығып):Сәлем, достар! Мен сендерге қонаққа келдім. Ұзын құлақ сұрқоян Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен, Ытқып-ытқып жүгірді. Аю балаларға барабанды тағы соғып, ойнауды ұсынады. Көңілді әуен ойналып, ортаға түлкі шығады. Түлкі: Мен сұлу түлкімін, Жай өтпес бір күнім, Ішінде жүремін, Айғай-шу, күлкінің! Достар, бәріміз көңілді ойын ойнайық! «Қояндар мен аю»ойыны («Қояндар маршы»А.Райымқұлова) Әуенге сай жануарлардың қимылын көрсетуді, шапшаң қимылдауды үйретуді жалғастыру. Балалардың ойынға белсене қатысуын бақылау.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Қарасу НМ жанындағы ШДО

**Топ** Ересек

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 09-13 қаңтар 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Ақ әжем»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Шығарманы тыңдап, сипаты мен мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытуға, музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, әуені мен айтуға үйрету;</p> <p>Әлди-әлди, бөпешім, Ақ бесікке бөледім, Ай мен күнге теңедім, Әлди-әлди, жанарым Мақтанышы ананың. Әлпештеген қарағым, Таза болсын жанарың. (А.Асылбек)</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Әй-эй бөпем» (халық әні, Қ. Шілдебаев) Ақырын дауыста бесік жыры орындалады, әже бесікті тербетеді. Балалардан тыныштық сақтауын ескертеді. Сабырлы әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға баулу.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Ақ әжем» (К.Қуатбаев, О.Әубәкіров) Педагог әнді айтып береді. Балаларға алдымен мәтінін қайталатып, әуенмен қосып үйретеді. Әжелерді сыйлап, құрметтеу қажеттігін түсіндіру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Биге шақыру» (А.Тоқсанбаев) Ұлдар аяқтарын музыка ырғағына сай көтере басып, жұптарын биге шақырады. Аяқтарын топылдатады, жұптасып айналады. «Тай тұяқ пен асатаяқ» ойыны (А.Райымқұлова, А.Асылбек) Тай тұяқ пен асатаяқтың дыбысталуын ажыратуға үйрету. Балалар шеңбер бойымен тұрып, бастаушы тағайындалады.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Әй-эй ата»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; әнді музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында орындауға үйрету; жұптаса таныс би қимылдарын қайталау;</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Хай ләйлім» (өндеген: Б.Дәлденбай) Халық әуенін тыңдап, шығарманың көңіл-күйін эмоциямен қабылдайды. Әуеннің сипатын түсініп, көңілді, қуанышты сезімде болады</p> <p>Атам менің әманда «Мейірімді бол» дейді. Ақыл сөзі санамда, Жасы үлкенге жол берем!</p> <p><b>Әнайту:</b> «Әй-эй ата» (Ө.Байділдаев, Ж.Смақов) Педагог әнді орындайды. Мәтінін қайталатып, сөздерді анық айтуға үйрету. Үлкендермен қосыла әннің әуенін бірге орындау. Атаның отбасындағы ең үлкен, қадірлі адам екенін түсіндіру. Балаларға таныс «Ақ әжем» (К. Қуатбаев, О. Әубәкіров) әнін қайталау, еске түсіру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Биге шақыру» (А.Тоқсанбаев) Таныс би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Жұптасып билеп, би ырғағына сай қозғалуға үйрету. «Кім шапшаң?» ойыны («Балалар биі» А. Майкапар) Ойынға құрсаулар және сылдырмақтар қолданылады. Әуеннің басталуы мен аяқталуын тыңдай білуге үйрету.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Қарасу НМ жанындағы ШДО

**Топ** Ересек

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 16-20 қаңтар 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Не қалай дыбыстайды?»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету. Әуенді тыңдап, қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу. «Не қалай дыбыстайды?» ойыны арқылы балаларға сұрақтар қояды. Секеңдеген лағым, Лағым менің, шұнағым, Лақ қалай дыбыстайды? Балаларға лақтың суретін көрсетіп, «лақ маңырайды» деп түсіндіреді. Күзетші күшік Саққұлақ, Үй күзетіп шапқылап, Дыбыс шықса қаттырақ, Қалай, қалай үреді? Сұрақтар жалғасады.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Төлдерді шақыру» (Д. Ботбаев, А. Асылбек) Ересектердің орындауында әнді тыңдап, мәтіні бойынша әңгімелеу.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Төлдер» (Б. Ғизатов, Е. Өмірбеков) Әннің қандай сипатта, екпінде екенін сұрау. Сөздерін қайталап, үлкендермен қосылып айтуға үйрету. Балаларға таныс әндерін еске түсіріп, қайталауды ұсынады.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Көбелек» (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан) Бикимылдарын қайталау, бірге қозғалып билеуге үйретуді жалғастыру. «Төлдердің анасын тап» ойыны (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан). Үй жануарларының қимыл-қозғалысын, дыбыстауын көрсету. Суретке қарап, «Бұл не?» деген сұраққа жауап беріп, текшедегі төлдің суретін енесінің суретінің қасына тауып қою. Мысалы: Қара көзі мөлдіреп, Жібек жүні үлбіреп, Анасын іздеп келеді. Бұл не? Дұрыс жауап берген бала әуенге ілесе төлдің қимылын салып береді.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Аспаптар әлемі»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Музыкалық ойыншық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) дыбыс шығаруын ажырата білуге; әннің мазмұнын түсініп, музыкалық сүйемелдеумен «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету;</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Барабан» (Г. Левкодимов) Шығарманы тыңдап, ырғағын шапалақпен көрсетуді ұсынады. Әуеннің сипатын, көңілкүйін сезініп ажырата білуге үйрету. Балалар пьесаны эмоциямен қабылдайды. Қуыршақтар әдемі Бәрімізде бар енді. Бәрінен де бақшамыз Ойыншықтар әлемі!</p> <p><b>Ән айту:</b> «Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов) әнін орындап береді. Әнді екінші рет орындап, балаларға ойыншық, қуыршақтармен мәтінге сай қимыл-қозғалыс жасауға үйрету. Әннің ауыспалы сипатына байланысты балалар мимикалық қимылдар (жымию, қабақтұют. б.) жасайды.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Көбелек» (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан). Бидің сипатына сәйкес мәнерлі билеуге үйрету, таныс би қимылдарын өз беттерінше билеуге мүмкіндік беру. «Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспаптардың (барабан, сылдырмақ, бубен) дауыстарын ажырату.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Қарасу НМ жанындағы ШДО

**Топ** Ересек

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 23-27 қаңтар 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Кәне, қызық ойын бар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру; шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету;</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Мәшине» (К. Қуатбаев, Т. Тұяқбаев)</p> <p>Әннің мазмұны мен әуенінің ырғағын ажыратуға үйрену. Мәшине, бағдаршам суреттерін көрсету, әңгімелеу. Жол ережелері туралы түсінік беру.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, Ю. Энтин, аударған И. Сапарбай) Әннің әуенін үйрену, мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйрету. Айғайламай, дауысқа күш түсірмей дұрыс айтуға дағдыландыру. Өткен әндерді қайталау. Таныс әндерді естеріне түсіріп, сөздерін анық, таза айтуына мән беру. Таныс әндерді қалаулары бойынша қайталау.</p> <p>«Ойыншықтар» (И.Нүсіпбаев, Н.Әлімқұлов)</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Бөбектер биі» (К.Қуатбаев)</p> <p>Балалар жұптасып тұрады. 1-бөлімде бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл серіппелі қимыл жасайды. 2-бөлімде қол ұстасып айналады.</p> <p>Кел, ойнайық, ойнайық, Қызыққа бір тоймайық!– деп ойынға шақырады.</p> <p>«Жай және жылдам» ойыны (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек)</p> <p>Ән-ойын мәтініне сәйкес 1-шумақта жай және тез қол шапалақтау. 2-шумағында жай және тез аяқ топылдату. Әуен ырғағын ажыратып, еркін қозғалуға үйрету.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Аспаптың даусын ажырат» ойыны</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды музыкалық аспаптардың тембрын ажыратуға баулу, есту қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру.</p> <p><b>1. Балаларды музыкамен қарсы алу.</b></p> <p><b>Ойын:</b> карточкада пианино, скрипка, гитара, сырнай, домбыра, жетіген, қобыз, шертер аспаптарының суреттері бейнеленген. Үнтаспада аспаптардың орындауында пьесадан үзінді орындалып, балалар аспаптың үніне сәйкес суретін көрсетеді.</p> <p><b>2. Музыка тыңдау.</b></p> <p>Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні.</p> <p><b>«Шөжелер»</b> биін таныс би қимылдарымен билету.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Қарасу НМ жанындағы ШДО

**Топ** Ересек

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 30 қаңтар-03 ақпан 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Қуыршақ Айжанмен билейміз»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Баяу, жай сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін, қарқынын тыңдап ажыратуға; әнді дыбыстардың биіктігіне қарай хор мен орындауға баулу; би қимылдарының қарқынын өзгерте, жұптаса мәнерлі билеуге дағдыландыру.</p> <p><b>Музыкатыңдау:</b> «Бесік жыры» (Ж.Тұрсынбаев,Е.Өтетілеуұлы) Сабырлы сипаттағы әнді тыңдап, бесік жыры бөбектерді ұйықтатын кезде айтылатынын түсіндіру. Қуыршақ Айжанды бесік жырының әуенімен ұйықтату.</p> <p>Балалар, енді Айжанға ән айтып берейік.</p> <p><b>Ән айту:</b>«Қайсы екен?»(Б.Дәлденбай, А.Меңжанова) Әнді орындап, әуенін, бірінші шумағын үйрету. Әнді екінші рет орындағанда балалар шеңбер бойымен тұрып, тәрбиешінің көрсетуі мен мәтінге сәйкес қимылдарды жасайды.</p> <p>«Кәне, қызық ойын бар»–таныс әнді қайталау, бірге қосыла айтуға үйретуді жалғастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b>«Түсті шашақ пен би»(А.Жилинский). Шеңбер бойымен тұрып, түсті шашақтарын көтеріп, тербеле қозғалады. Аяқұшымен жеңіл жүгіреді. Қолдарындағы шашақтарын арқаларына жасырады. Шеңберді кішірейтіп, әуен ауысқанда үлкейтеді.</p> <p>«Жай және жылдам» ән-ойыны (Е.Хасанғалиев) Балаларға әннің мәтініне және ырғағына байланысты «жай» және «тез» шапалақтап, аяқтарын топылдату қимылдарын қайталату. Балаларға жеке сөздерге қосылып, әндете айтуды ұсынады.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Көңілді би»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдап, еске сақтауға; шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; көңілді әуенге жұптаса отырып би қимылдарын орындау.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Илигай» (өңдеген Б.Дәлденбай)</p> <p><b>Ән айту:</b>«Біз бақытты баламыз» (А. Айтуова) Педагог әнді айтып береді. Әннің басталуы мен аяқталуына мән беру. Әннің қандай сипатта, екпінде орындалатынын сұрау. Сөздерін қайталап, үлкендермен қосылып айтуға үйрету.</p> <p>Таныс әнді қайталау, еске сақтау. «Қайсы екен?» (Б.Дәлденбай) (қайталау).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Кел, билейік» (Ө. Байділдаев) («Билеп үйренейік» жинағынан).</p> <p>Балалардың жұптасып тұруларын, би қимылдарын ырғақпен сезіне, музыканың сипатын игере мәнерлі орындауға үйрету. Шығарманың 1-бөлімінде қол ұстасып айналу, 2-бөлімде оң және сол аяқ өкшелерін кезек алға қою қимылдары қайталанатын.</p> <p>«Пойыз» ән-ойыны (К. Қуатбаев, Ж. Смақов) Балалар вагондар құрып, тізбектеле тұрады. Паровоз-бастаушы тағайындалып, оған қосырық беріледі. Балалар-«вагондар» әуен ырғағымен аяқтарын топылдату жүреді. Әуен тоқтағанда, паровоз «пшшш!» деген дыбыс беріп, «вагондар» тоқтайды. Ойын 2-3 рет қайталанатын.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 06 -10 ақпан 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Ғажайып сылдырмақтар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Көңілді әуенді тыңдап, сипатын анықтай білуге, дыбыстарды биіктігіне қарай ажырата отырып, хормен бірге қосыла ән айтуға; жұптаса отырып таныс би қимылдарын өз беттерінше орындауға үйрету; көңілді сипаттағы әуенді ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Латыш халық әні» (А.Жилинский)</p> <p>Әуен аяқталысымен залдың ортасына безендірілген қорап әкелініп, балалардың көңілін аударады.</p> <p>– Мынау әдемі қорапта не бар екен? Келіндер, бірге ашып көрейік, – деп балалардың қызығушылығын арттырады.</p> <p>Педагог қораптан сылдырмақтарды алып көрсетеді.</p> <p><b>Ән айту.</b> «Біз бақытты баламыз» (А. Айтуова)</p> <p>Ән ырғағына сәйкес сылдырмақты бірге сілке қозғау. Әннің көңілді сипатын сезіне орындауға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Балалардың қалауынша таныс әндерді еске түсіру, қайталау.</p> <p>«Қайсы екен?» (Б.Дәлденбай, А.Меңжанова),</p> <p>«Ойыншықтар» (И.Нүсіпбаев, Н.Әлімқұлов)</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Кел, билейік» (Ө. Байділдаев) («Билеп үйренейік» жинағынан)</p> <p>Би қимылдарын ырғақпен сезіне орындауға, жұптаса отыра музыканың сипатын игере орындауға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Ортада әлі ойын бар, Қәне, шығақойындар!– деп әндетіп, балаларды келесі ойынға шақырады.</p> <p>«Балалар биі» (А. Майкапар) педагогтің көрсетуімен ұйымдастырылады.</p> <p>Екі бөлімді әуенге өз беттерінше қимылдарды ауыстыра білуге үйретеді.</p> <p>Балаларға ойын соңында құрсауларға кіріп, жасырынып үлгеру керек екенін түсіндіреді.</p> <p>Ойын 2-3 рет қайталанады.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «<b>Отбасым – бақытым</b>»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қарқынды (жылдам, баяу), динамиканы (қатты, ақырын), регистрді (жоғары – «құс», орташа – «қоян», төмен – «аю») анықтау.</p> <p>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.</p> <p>Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Бесік жыры» (муз. И. Нүсіпбаев, сөзі С. Жиенбаев). Әнде не туралы айтылғанын, алған әсерлерін сұрау. Балаларға «бесік жыры» туралы мәлімет беріңіз. Балалардан бұл ән күннің қай мезгілінде орындалатынын сұрау.</p> <p><b>Дауыс жаттығулары:</b> «Аққу» (Сүгір). Әуенді асықпай, төменнен жоғары қарай әндету. Әуенді «га-га» буынында орындау.</p> <p>Дауысты ашық «а» дыбысын дөңгелете айтуға жаттықтыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Әже тілегі» (муз. мен сөзі Т. Қоңыратбай).</p> <p>Педагог әнді сүйемелдеумен орындап, балаларға мәтінін қайталатып үйретеді.</p> <p>Ән кім туралы айтылып отырғанын естеріне салып, сезіммен айтуды ұсынады. Ән айту барысында сүйемелсіз балаларға қайталатып, есту қабілетін тексеріңіз.</p> <p><b>Аспаппен танысу:</b> «Қандай аспап?» (муз. Б. Дәлденбай).</p> <p>Балалар музыка аспаптарының тембрі (бояуы) арқылы қай аспап айналып жатқанын ажыратады.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 13 -17 ақпан 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы: «Лағым»</b> <b>Мақсаты:</b> Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету. Жануарлардың суретін қолдана отырып, балаларды олардың жүрісін, қимылын, дыбыстауын көрсете білуге, шығармашылыққа баулу.</p> <p><b>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.</b> Балаларға үйшіктің және қоян, балапан, бақа, күшік, т.б. суреттері ұсынылады.</p> <p><b>2. Музыка тыңдау.</b> Ал енді сендер ән тындандар. «Балапан» әні. «Шөжелер» биін таныс би қимылдарымен билету.</p>	<p><b>Тақырыбы: «Қызықты жорық»</b> <b>Мақсаты:</b> Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын) тембріне қарап ажырату.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Жол жыры» (муз. Ш. Қалдаяқов, сөзі Т. Молдағалиев). – Ән мазмұны мен қай суретті байланыстырар едің? – Ән сипатына сәйкес қалай орындалады? Жорыққа шыққан қызық екенін айтып, үш тілде қайталап айтқызу, үйрету: қызық – интересно</p> <p><b>Ән айту:</b> «Жорық жыры» (муз. Н. Тілендиев, сөзі М. Әлімбаев). Әннің сипатын, екінін анықтау үшін сұрақтар қою. Ән көңілді, сергек, шаттық сезіммен орындалатынын түсіндіру. Әнді сипатына сай орындап беру. Мәтіні мен әуенін, жоғарғы дыбыстарды таза, анық айтуларын қадағалау. Әннің көңіл күйін сезіне орындауға дағдыландыру. Мәтіні мен әуенін таза, анық айтуларын қадағалау. – Бұл ән саған қандай көңіл күй сыйлады?</p> <p><b>Аспаппен танысу:</b> «Біздің оркестр» (муз. С. Соснин). Үшбұрыш, бубен, маракас, металлофон аспаптарын меңгеруді жалғастыру. Ансамбльмен және жеке орындауда жеңіл ырғақтарды ойнау. Музыкалы-ырғақты қимыл Жорыққа шыққан көңілді достардың дауысы қай аспаптың дыбысына ұқсайды? Дауысы сәйкес келетін аспаптарды орман тұрғындарымен сызықпен қосып көрсет. Көңілді жорыққа шыққанды ұнатасың ба? Саяхатқа шығып көрдің бе? Суреттен саяхатшы баланы тауып бер.</p>



## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 20 -24 ақпан 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Музыкалық моншақтар» <b>Мақсаты:</b> Музыкалық шығарманы тыңдау және эмоциясын ажырата білуге үйрету. Әннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру. Зер салу, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру <b>Музыка тыңдау:</b> «Мен алманы жақсы көремін» Д.Қиқымов <b>Ән айту:</b> «Апорт деген тәтті алма» <b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Биге шақыру» Шарты: бала қалаған досын биге шақырып, бірге аяқтарын топылдатады. Музыка тез айналғанда бірге айналады, екеуі қайтадан екі баланы биге шақырады. Осылай балалар биге түгел қатысу. Жеке және жұптасу деген не? Қай ырғақ кезде жеке, және жұптасу керектігін ажырыту</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Төмен және жоғары дыбыстар» <b>Мақсаты:</b> Балаларды шығарманы тыңдай отырып, динамикалық бояуларын, дауыс күштілігін ажырата білуге баулу. <b>1. Балаларды музыкамен қарсы алу.</b> <b>Ойын:</b> Түстері бірдей, әртүрлі көлемдегі сары қоңыраулар суреті салынған карточкалар үлестіріледі. Шығарманы тыңдап, төменгі дыбысқа үлкен қоңырау, орташа дыбысқа орташа қоңырау, жіңішке дауыстағы әуенге кіші қоңырау бейнеленген сәйкес карточканы көрсетеді. <b>2. Музыка тыңдау.</b> Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. Сөзі: Ж.Смақов. Балалар бізге қазір «Мысық пен мысықай» ойыны: Мысық пен мысықай дауыстарын салған балаларды мадақтау. «Көңілді ырғақ» биін таныс би қимылдарымен билету.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 27 ақпан -03 наурыз 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Соқыр теке» <b>Мақсаты:</b> Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Өртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады</p> <p><b>1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b> Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1 – ші шумағын айтады. 2 – шумақты «Соқыр теке» айтады. 2 – шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса әннің 2 – ші шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса «Соқыр теке» өзі болады. Соқыр теке, бақ, бақ Біз айтамыз тақпақ. Мықты болсаң қанекей, Бірімізді тап, тап.</p> <p><b>2. Ән айту. «Тұлпарым»</b> Әннің мәтінін үйрету.</p> <p><b>3. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Қай аспапта ойнаймын?» ойыны <b>Мақсаты:</b> Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті, ұрмалы, үрлемелі) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Аспаптарда ойнауға машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру.</p> <p><b>Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b> Балаларға аспаптардың (домбыра, қобыз, сазсырнай, асатаяқ, дауылпаз, т.б.) суреттері бейнеленген карточкалар ұсынылады. Музыка жетекшісі ширма артында жасырып бір аспапта ойнайды. Балалар мұқият тыңдап, аспаптың дауысын тыңдайды.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Балабақша бағында» С. Кәрімбаев <b>Ән айту:</b> «Балабақша» Б.Бейсенова.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> Дидактикалық ойын: «Кім жылдам» Мақсаты: Шапшаңдыққа, дәлдікке баулу. Шарты: Қатар-қатар қойылған шығыршықтарды балалар әуен ырғағымен айналып жүреді, әуен тоқтағанда шығыршыққа жұптасып тұра қалулары керек.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Қарасу НМ жанындағы ШДО

**Топ** Ересек

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 06 -10 наурыз 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Анашым» <b>Мақсаты:</b> Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады Анасы мен баласы бейнеленген көрнекілік суреттер көрсету, әңгімелеу Анашым, анам, Тіліңді алам. Өскенде ертең Қорғаның болам! <b>Музыка тыңдау:</b> «Ақ мамам» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек) Әнді тыңдап, нәзік, сабырлы сипатын сезінеді. Анаға деген сүйіспеншілік сезімдері туралы әңгімелеу. <b>Ән айту:</b> «Мерекенмен, анашым» (Б.Қыдырбек,И.Сапарбай) Әнді орындап беріп, мәтіні туралы түсіндіру. Екінші рет орындалғанда әннің әуеніне қосылып айтуға үйрету. 1-шумақ сөздерін үйрету. Ән айту ережелерін еске салу. Таныс әндерді еске түсіру. «Ақ әжем» (К. Қуатбаев, О.Әубәкіров)(қайталау). <b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b>«Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская). Гүлдер ұстап шеңбер бойымен тұру, тербелу, бір орында айналу, шеңбердің ортасына жиналу, кейін қарай шегініп,шеңберді үлкейту. Қарапайым би элементтерін қайталау. «Кім шапшаң?» ойыны («Балаларбиі»А. Майкапар) Ойынға құрсаулар және сылдырмақтар қолданылады. Әуеннің басталуы мен аяқталуыныңдай білуге, шапшаңдыққа үйретуді жалғастыру.</p>	

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Қарасу НМ жанындағы ШДО

**Топ** Ересек

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 13 -17 наурыз 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> Шуақты көктем</p> <p><b>Мақсаты:</b> Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысын түсіндіру; ұнтаспадан музыка тыңдау;</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> Ұнтаспадан құстардың дауысын тыңдау.</p> <p>- Балалар, дауысты естіп тұрсыңдар ма?</p> <p>- Құстар қалай дыбыстайды екен?</p> <p>- Қандай құстарды білесіңдер? (Құстардың суретін немесе слайд көрсету).</p> <p>- Құстар қалай ұшады?</p> <p><b>Ән айту:</b> «Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбек) әнінің 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда балаларға тәрбиеші мәтінге сай қимылдарды көрсетеді.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b></p> <p>«Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) (қайталау) қимылдарын көрсетіп, балаларды биге машықтандырады.</p> <p>«Балалар мен жаңбыр» ойыны («Жаңбыр» Г.Абдрахманова, «Полька» П.Чайковский)</p> <p>«Жаңбыр» жауғанда «тамшылар» таяқшаларын алып, педагог балаларды айнала жеңіл жүгіреді. Балалар қолшатыр астына жасырынады.</p> <p>Бәрі: Жаңбыр, жаңбыр, төк-төк!</p> <p>Болсын егін көп-көп!</p> <p>Көңілді полька ойналады.</p> <p>Күннің көзі ашылды,</p> <p>Алтын нұры шашылды! –</p> <p>деп зал ортасында көңілді секіріп, өз еріктерінше билейді. Ойын 2-3 рет қайталанады.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Ол қалай жүреді?» ойыны</p> <p><b>Мақсаты:</b> Әннің мағынасы мен сипатын қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топтық қарым қатынасқа тәрбиелеу, би қимылдары арқылы, буындар қозғалысын, қимыл- қозғалысты жетілдіру, бала бойына қимыл икемділігі мен музыкалық сезімін, музыка ырғағын түсіндіріп қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Көктем келді» Б.Бейсенова</p> <p><b>Ән айту:</b> «Көктемде» М.Мақатаев</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> Сылдырмақ, Бубен және барабан.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Гүлдер» биі</p> <p><b>Ойын:</b> «Ол қалай жүреді?»</p> <p><b>Шарты:</b> Балалар музыка ырғағымен шеңбер құрып жүреді. Жетекші аюдың суретін көрсетсе, аюдың жүрісін, Түлкіні көрсетсе, түлкінің жүрісін салып жүреді.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 20 -24 наурыз 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Наурыз–думан» <b>Мақсаты:</b> Наурыз мерекесі туралы, қазақтың салт-дәстүрі жайында түсінік беру; әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, табиғи дауыспен айтуға; <b>Музыка тыңдау:</b> «Бауырсақ»(Ө.Бейсеуов,Н. Арынова) Балалар педагогтің орындауындағы шығарманы мұқият тыңдап, әннің мазмұнын түсініп, сипатына сай эмоциямен қабылдайды. Наурыз келді, балақай, Ән шырқайық, алақай! <b>Әнайту:</b> «Наурыз»(А. Досмағамбетова, орыстілінеауд.В.Франк) Ән бірінші ересектердің орындауында айтылады. Екінші рет орындап, әннің мәтінін қайталатып, сөздерін анық айтуларын қадағалайды. Одан кейін мағынасы мен әуеніне сай қимылдар көрсетіледі. Балаларға таныс «Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбек) әнін еске түсіріп, қайталауды ұсынады. <b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b>«Би» (Л. Хамиди) – жас ерекшеліктеріне сай ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін көрсетіп, билеуге үйрету.</p>	

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 27 -31 наурыз 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Күн мен жаңбыр» ойыны</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды музыканың әртүрлі сипатын ажыратуға баулу (көңілді, ойнақы, сабырлы, мұнды). Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйретеді.</p> <p><b>1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b></p> <p><b>Ойын:</b> Көңілді күн мен бұлт суреттері бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар екі түрлі шығарманы тыңдап, әуен сипатына сәйкес суретті көрсетеді.</p> <p><b>2. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Әдемі көбелек»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды шығарманы тыңдай отырып, динамикалық бояуларын, дауыс күштілігін ажырата білуге баулу.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Вальс» (үнтаспадан муз. жетекшісінің тандауымен). Балалар музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Әуенді тыңдап, қызығушылықтары артады.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Көктем»(К.Қуатбаев, А.Асылбек)</p> <p>Педагог әнінің 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда мәтініне сәйкес тәрбиешімен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды. Әннің бірінші шумағының сөзін үйретіп, анық айтуға үйретеді.</p> <p>«Наурыз»(А.Досмағамбетова, орыстіліне ауд. В.Франк)(қайталау). Балалар, көбелектер қалай ұшады? Олардың қанаттары қалай созылады екен?</p> <p>Ал енді көбелектер сияқты би билеп үйренейік.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Көбелек» (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан). Әуенге ілесе би қимылдарының мәнерлі, жеңіл орындалуын қадағалау.</p> <p>«Гүлзардағы көбелектер» ойыны.</p> <p>Көбелек-ау, көбелек, Ұшасың сен көлбеңдеп. Қызыл, жасыл керемет Гүлге қоншы, көбелек! – деп балаларды ойынға шақырады. «Вальс» ойналып, ырғақ пен жеңіл қозғалуларын бақылайды.</p> <p>Әуен тоқтағанда көбелектер гүлдерге «қонады». Балалардың қызығушылығын арттыруға ықпал ету. Ойын қайталанғанда, өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік береді.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 03 - 07 сәуір 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Ақсерек, көксерек»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Ұлттық аспаптар» К.Қуатбаев</p> <p><b>Ән айту:</b> «Жау-жау жаңбыр» Е.Хасанғалиев</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> «Балақан мен алақан» әніне қосылып бубендерде ойнау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Ақсерек- көксерек»</p> <p>Шарты: Балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Арақашықтық 20-30қадам. Балалар өлең жолдарымен бір баланың атын атайды. Сол бала жүгіріп қолдарын ажыратып кетуі керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы алып қайтады.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Соқыр теке»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Түрлі сипаттағы әндердің мазмұнымен көңіл-күйін қабылдай білуді қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Біз билейміз» Е.Андосов</p> <p><b>Ән айту:</b> «Балғын шақ» Қ. Жүнісов</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> «Ай жарқырап тұр» Орыс халқының әуені</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Киіз басу»</p> <p><b>Ойын:</b> «Соқыр теке»</p> <p>Шарты: Бір баланы ортаға алып, қалған балалар шеңбер бойымен әндете айналады. Көзі байланған бала кімді ұстап алса сол бала жоғалып кеткен аспаты атап, ойналуын көрсетеді.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Қарасу НМ жанындағы ШДО

**Топ** Ересек

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 10 - 14 сәуір 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Күн мен жаңбыр» ойыны</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды музыканың әртүрлі сипатын ажыратуға баулу (көңілді, ойнақы, сабырлы, мұңды). Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйретеді.</p> <p><b>Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b></p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Ғарышкерлер» әні</p> <p><b>Ән айту:</b> «Тәрбиеші апай» М.Дауылбаев</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> «Асатаяқ» бір әуенде бірдей ойнау</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b></p> <p><b>Ойын:</b> Көңілді күн мен бұлт суреттері бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар екі түрлі шығарманы тыңдап, әуен сипатына сәйкес суретті көрсетеді.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Төмен және жоғары дыбыстар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды шығарманы тыңдай отырып, динамикалық бояуларын, дауыс күштілігін ажырата білуге баулу. Балаларды металлафан аспабының тембірлік үнінен тануға үйрету, қатты, ақырын дыбысты сезіну қабілеттерін жетілдіру музыкалық аспаптар жөнінде кеңінен білім беру, танымын ашу, музыкалық аспаптардың үнін ажырата білуге үйрету;</p> <p><b>Балаларды музыкамен қарсы алу.</b></p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Балдырғандар маршы» Ш.Қалдаяқов</p> <p><b>Ән салу:</b> «Аспаптар» К.Шілдебаев</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты ойын:</b> Жоғарғы және төмен дыбысты тап</p> <p><b>Шарты:</b> әрбір карточкамен жеке жұмыс. Ре(төмен дыбысты естігенде карточкадағы сол дөңгелекті жабу. Ля жоғарғы дыбыс жануардың баласын көрсету керек.)</p>



## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Қарасу НМ жанындағы ШДО

**Топ** Ересек

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 17 - 21 сәуір 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Ырғақты қайтала» ойыны</p> <p><b>Мақсаты:</b> Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қамажай» халық биі</p> <p><b>Ән айту:</b> «Бөбектер әні» Е.Тәшев</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> «Сылдырмақтар»</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Шар ұшты»</p> <p><b>Ойын:</b> «Ырғақты қайтала»</p> <p><b>Шарты:</b> Екі бала бірбіріне арқасымен тұрады. Алдарында бірдей аспаптар қойылады. Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапта ойнайды, екінші бала дәл сол аспапта ырғақты қайталайды. Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар шапалақтайды.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Соқыр теке»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады</p> <p><b>Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b> Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1 – ші шумағын айтады. 2 – шумақты «Соқыр теке» айтады. 2 – шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса әннің 2 – ші шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса «Соқыр теке» өзі болады.</p> <p>Соқыр теке, бақ, бақ Біз айтамыз тақпақ. Мықты болсаң қанекей, Бірімізді тап, тап.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Нешеуміз» А.Токсанбаев</p> <p><b>Ән айту:</b> «Балақандар әні» А.Еспенбетова</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Поезд» (К. Қуатбаев)</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 24 - 28 сәуір 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Күн мен жаңбыр» ойыны</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды музыканың әртүрлі сипатын ажыратуға баулу (көңілді, ойнақы, сабырлы, мұңды). Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйретеді.</p> <p><b>Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b></p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Сәби қуанышы» (Е.Құсайынов)</p> <p><b>Ән айту:</b> «Бақшаға барамын» Ө.Байділдаев, К.Сүлейменов</p> <p><b>Ойын:</b> Көңілді күн мен бұлт суреттері бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар екі түрлі шығарманы тыңдап, әуен сипатына сәйкес суретті көрсетеді.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Төмен және жоғары дыбыстар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды шығарманы тыңдай отырып, динамикалық бояуларын, дауыс күштілігін ажырата білуге баулу.</p> <p><b>1. Балаларды музыкамен қарсы алу.</b></p> <p><b>Ойын:</b> Түстері бірдей, әртүрлі көлемдегі сары қоңыраулар суреті салынған карточкалар үлестіріледі. Шығарманы тыңдап, төменгі дыбысқа үлкен қоңырау, орташа дыбысқа орташа қоңырау, жіңішке дауыстағы әуенге кіші қоңырау бейнеленген сәйкес карточканы көрсетеді.</p> <p><b>2. Музыка тыңдау.</b></p> <p>«Айналайын» Е. Өміров, Қ Жәленова)</p> <p><b>Ән айту:</b> «Егер саған ұнаса...» әні, сөзін жазған Жаньярова Г.</p> <p>Егер саған ұнаса, былай жаса (3 рет саусақты сыртылдату)</p> <p>Егер саған ұнаса, былай жаса (3 рет шарпалақт ау)</p> <p>Егер саған ұнаса, көрсет оны басқаға (бірбіріне қарау)</p> <p>Егер саған ұнаса, қайта ла (саусақ, шапалақ)</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Біз адымдаймыз»</p> <p><b>Ойын:</b> «Көжекгі ұстандар»</p> <p><b>Шарты:</b> Бір бала теріс қарап тұрады, екінші бала ойыншықты жасырады. Сырттағы бала кіріп, ойыншықты іздей бастайды. Бала ойыншыққа жақындаса қатты шапалақпен белгі береміз, жасырылған жерден алыс жүрсе ақырын шапалақтаймыз.</p>



Бекітемін: *Л.Ж. Аманғалиева*  
Мектеп директоры: Л.Ж. Аманғалиева

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы


Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 02-05 мамыр 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
	<p><b>Тақырыбы:</b> «До – ре – ми»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.</p> <p><b>1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b> Музыкалық жетекші әнді орындап береді және балалардан сол әнге байланысты суретті тандап көрсетулерін өтінеді. Бала неге сол суретті тандап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.</p> <p><b>2. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> <b>Лентамен жаттығу.</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.</li><li>2. Қолды жоғары көтеріп денені оңға, солға иілту.</li><li>3. Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.</li></ol>



## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 08 -12 мамыр 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
	<p><b>Тақырыбы:</b> «Күн мен жаңбыр» ойыны</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды музыканың әртүрлі сипатын ажыратуға баулу (көңілді, ойнақы, сабырлы, мұңды). Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйретеді.</p> <p><b>Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b></p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Біздер ектік бақшаны» («Каравай» әуенімен)</p> <p><b>Ән айту:</b> «Әй-әй ата» (Ө.Байділда. Ж.Смақов)</p> <p><b>Ойын:</b> Көңілді күн мен бұлт суреттері бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар екі түрлі шығарманы тыңдап, әуен сипатына сәйкес суретті көрсетеді.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 15 -19 мамыр 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Үлкен – кішкентай» <b>Мақсаты:</b> Балаларды ұзақ қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Музыканың ритмін сезінуге баулу.</p> <p><b>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.</b> Музыкалық жетекші балаларға әуенді тыңдатқызып, жолда кімнің келе жатқанын тыңдатқызып сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады. Үлкен адамның жүрісі – ұзақ шапалақ. Баланың жүрісі – қысқа шапалақ.</p> <p><b>2. Музыка тыңдау</b> «Ән сал, сарбаз».</p> <p><b>3. Ән айту</b> «Ел қорғауға әзірміз» Әннің мәтінін үйрету.</p> <p><b>4. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> <b>Лентамен жаттығу.</b></p> <p>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Әлди, әлди ақ бөпем» <b>Мақсаты:</b> Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету. Жануарлардың суретін қолдана отырып, балаларды олардың жүрісін, қимылын, дыбыстауын көрсете білуге, шығармашылыққа баулу.</p> <p><b>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.</b> Балаларға үйшіктің және қоян, балапан, бақа, күшік, т.б. суреттері ұсынылады.</p> <p><b>2.Ән айту. Бесік жыры</b> Балалар әуенді қайталап, өздері қалаған суретін басқышпен жоғарыға жүргізеді. Үйшікке жақындап, «Қандай ғажап үйшік?» деп әндетеді. Келесі кезекте терезеден сурет көрсетіліп, балалар әуенді тыңдап, сәйкес келетін аңдардың, жануарлардың суретін табады.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 22 -26 мамыр 2023 жыл

Дүйсенбі	Сәрсенбі
<p><b>Тақырыбы:</b> «Үлкен – кішкентай» <b>Мақсаты:</b> Балаларды ұзақ қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Музыканың ритмін сезінуге баулу.</p> <p><b>1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.</b> Музыкалық жетекші балаларға әуенді тыңдатқызып, жолда кімнің келе жатқанын тыңдатқызып сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады. Үлкен адамның жүрісі – ұзақ шапалақ. Баланың жүрісі – қысқа шапалақ.</p> <p><b>2. Музыка тыңдау</b> «Соңғы қоңырау» <b>3. Ән айту</b> «Ұстаз-ана» Әннің мәтінін үйрету.</p> <p><b>4. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> <b>Лентамен жаттығу.</b> 1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту. 3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «До – ре – ми» <b>Мақсаты:</b> Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.</p> <p><b>1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.</b> Музыкалық жетекші әнді орындап береді және балалардан сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетулерін өтінеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.</p> <p><b>2. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> <b>Лентамен жаттығу.</b> 1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту. 3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.</p>

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Қарасу НМ жанындағы ШДО

Топ Ересек

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 29 -31 мамыр 2023 жыл

<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>
<p><b>Тақырыбы:</b> «Жаңбыр мен көжектер»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау білуге үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Жаңбыр мен көжектер» Көңілді әуенге секіріп билеп жүреді күн күркіреп жаңбыр жауған дауыс естілген сәтте жетекші қоян кейпіне еніп көжектерін өзіне шақырады. Ойын бірнеше рет қайталанады.</p> <p>Балалар әннің сөздерін анық айтуға тырысады, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді);</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Барабан не дейді?»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар әр түрлі жанрда орындалған әндерді тыңдап,оның орындалу мәнін ұғыну. Музыка аспаптарымен танысу, оларды ұстап көру. Қалай ойналатынын көру және дыбыстарын тыңдап ажырату.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Бала тілегі» (с.О.Сәндібек, ә.Т.Тоғжанов, Ү.Ерниязов)</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> «Барабан не дейді»</p> <p><b>Ойын шарты:</b> Жетекші барабан аспабында ойнайды. Марш екіні ойнағанда балалар марш жасап әрі-бері жүреді. Өте шапшаң жеңіл музыка ойнағанда балалар жеңіл жүгіреді. Әуен бір рет қатты соғылғанда балалар бір орында қатып қалады Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не дейді?»- деген сұрақ қойылып отырады.</p>